

Эстетикалық бағыттағы гимназияның 2025-2026 оқу жылына өзін – өзі бағалау бойынша а н ы қ т а м а

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге сәйкес) барлық білім беру ұйымдары жыл сайын оқу жылының қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізуі тиіс. Сонымен қатар ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында бұл материалдар ұйымның ресми сайтында орналастырылуы қажет. Аталған нормативтік құжатты басшылыққа ала отырып, Эстетикалық бағыттағы гимназияның әкімшілігі 2025-2026 оқу жылында атқарылған жұмыстардың өзін-өзі бағалау анықтамасын ұсынады.

I. Білім беру ұйымына жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

БСН 990840002079 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2022 жылдың 21 қарашасынла берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1995 жыл 05 тамыз.

Заңды мекен-жайы: 090014, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Самал көшесі 74 құрылыс. Электрондық мекен-жайы: Shgen_uralsk@mail.kz

Интернеттегі ресми сайт: <https://shgen-uralsk.bkgov.kz/kz>

Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар: https://www.instagram.com/shgen_07/;
<https://www.facebook.com/soshgen07>

Телефон, факс: 8 (7112) 24-03-38.

Мекеменің техникалық паспорты 2021 жылы 29 қарашада жасалған. Сериясы –А, қабат саны-3+П,Т, құрылыс ауданы-4481,9 ғимараттың ауқымы-43887, жалпы алаң-15137,4, салынған жылы-2021 жыл (*көшірме қосымша ұсынылады*).

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК басқару органы - «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі».

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 690 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1.6673 га) кадастрлық номері: **08-130-034-449** (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мекеменің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 09 желтоқсан 2022 жылғы №KZ74LAA00032916, мерзімі–шектелмеген (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Мекеменің қаржы-экономикалық жағы жеке жүргізіледі. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар. БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК

КБе 16

KZ8994813KZT22030692

БИК EURIKZKA "Евразийский Банк" АҚ

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК-ның мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Гимназия директоры Алпамысова Эльмира Алпамысовна 2025 жылы 20 қазандағы Орал қалалық білім беру бөлімінің № 161§1 2025 жылдың 17 қазанның бұйрығымен мекеменің директоры қызметіне тағайындалды.

Гимназия мемлекеттік аттестаттаудан соңғы рет 2022 - 2023 оқу жылында өтті.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 2 тарауының 2 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымының 2025-2026 оқу жылдары бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзін бағалауды жүргізді.

II. Кадрлық құрамға талдау.

Білімдері бойынша

Оқу жылы	Барлық педагогтер саны	Жоғары	Арнаулы орта білімді
2024– 2025 оқу жылы	133	121	2
2025–2026 оқу жылы	138	134	4

Санаттары бойынша (жалпы орта білім беретін пәндер бойынша)

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	санатсыз	Басшылар санаты	%
2024-2025	133	5	33	25	39	30	4	48,1%
2025-2026	138	4	39	24	45	26	4	48,5%

2024-2025 оқу жылында барлығы 133 мұғалім қызмет атқарды, оның ішінде 5- і педагог-шебер, 33 педагог-зерттеуші, 25 педагог-сарапшы, 4- бірінші санатты орынбасарлар. Сапалық құрам 48,5 %.

2025-2026 оқу жылында

Жалпы білім беру бойынша 138 педагог қызмет атқарды, оның ішінде 4- і педагог-шебер, 39 педагог-зерттеуші, 24 педагог-сарапшы, Сапалық құрам 48,5 %. *(ө.ж. салыстырған сол қалпында 0,41 пайыз көбейіп отыр)* Оқу жылы барысында педагог-шебер Сагиева Г.А., педагог-модератор Тапаков С.Б., санаты жоқ педагогтер Кожеева Е.Ю., Галиева Д.В. өз еріктерімен жұмыстан кетуіне байланысты өзгерістер болды.

Пәндер	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Модератор
Қазақ тілі мен әдебиеті	1	8	3	5
Орыс тілі мен әдебиеті	1	2	2	1
Ағылшын тілі	1	3	5	6
Бастауыш сынып	1	13	3	3
МИФ		4	4	8
Тарих		3	1	6
Химия, биология, география		1	4	2
Технология, музыка		3	2	1
Дене шынықтыру		2		6
Психолог, логопед				2

Қосымша білім беру (ЭБ) бойынша педагогтер саны -25

Оның ішінде:

Педагог зерттеуші - 1,
педагог сарапшы – 3,

педагог- модератор- 13.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда жас мамандар саны артты. 10 жас маман жұмысқа орналасып, оларға тәлімгерлер тағайындалды. 1 жас маманның (Галиева Д.В.) басқа жұмысқа ауысына байланысты тәлімгерлік жұмысы тоқтатылды.

Жас және жаңадан келген педагогтерге теориялық-әдістемелік көмек көрсету мақсатында өткізілген «Осу векторы» семинарының күзгі сессиясы жас педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, пәнді оқыту сапасын арттыруға, жоспарлаудың тиімді тәсілдерін меңгертуге және тәжірибе алмасу ортасын қалыптастыруға бағытталды. Сессия барысында теориялық және практикалық мазмұндағы шеберлік сыныптары, тренерлік сағаттар, кәсіби жағдаяттарды талдау жұмыстары ұйымдастырылып, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсетілді.

«Дескриптор құрудың тиімді жолы» шеберлік сыныбы бойынша Бисенгалиева С.С.

- Мұғалімдер оқу мақсаттарына сәйкес дескрипторларды нақты, өлшемді, қолжетімді етіп құрастырудың қағидаларымен танысты.
- Практикалық тапсырмалар арқылы бағалау критерийлері мен дескрипторлардың үйлесімділігін талдау жұмыстары жүргізілді.
- Жас мамандардың жиі жіберетін қателіктері көрсетіліп, тиімді үлгілер ұсынылды.

«БЖБ мен ТЖБ құрастырудың тиімді әдіс-тәсілдері» бойынша Акашаева З.М., Джумашева Г.М. өз кезегінде

- Бөлімдік және тоқсандық жиынтық бағалаудың құрылымы, тапсырмалар деңгейі мен таксономия талаптары түсіндірілді.
- Дұрыс құрастырылған тапсырмалардың оқушының оқу жетістігін нақты көрсетуіндегі рөлі талқыланды.
- Жас мұғалімдерге БЖБ/ТЖБ үлгілерін сараптауға бағытталған әдістемелік кеңестер берілді.

«Қысқа мерзімді жоспар құру: жоспарлаудың кадамдық алгоритмі»

Зарипова Л.В.

- ҚМЖ құрылымының негізгі компоненттері (мақсат, бағалау критерийлері, тапсырмалар, саралау, бағалау) бойынша толық түсіндірме берілді.
- Тақырыпқа сәйкес тиімді тапсырма құрастыру және сабақ логикасын сақтау алгоритмі көрсетілді.
- Жас педагогтер өз жоспарларын талдап, кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік алды.

Тренерлік сағат «Формативті бағалау түрлері» Сагиева Г.А.

- Сабақтағы қалыптастырушы бағалаудың маңызы, оқушыға кері байланысты тиімді беру жолдары қарастырылды.
- «Бағдаршам», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қарлы кесек», «Бағалау парағы» сияқты FB тәсілдері тәжірибе арқылы көрсетілді.

6. «Кәсіби жағдаят: шешім жолдары» Тамашева Ж.А., Баяндыкова Ж.М.

- Жас мұғалімдер мен тәлімгерлер арасындағы педагогикалық жағдаяттар талданып, тиімді шешім модельдері ұсынылды.
- Қиындықтарды басқару, сыныппен жұмыс, ата-анамен қарым-қатынас сияқты сұрақтар бойынша практикалық тренинг ұйымдастырылды.
- Топтық жұмыс барысында қатысушылар бір-бірінің тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік алды.

Guest Lecture / Сұхбаттасу алаңында жас мамандар гимназия директоры Э.Алпамысовнамен кездесіп, көкейіндегі сұрақтарға жауап алып, өз идеяларымен бөлісті. Қонақ педагог кәсіби дамудағы жеке тәжірибесімен бөлісіп, мотивациялық әңгіме жүргізді. Жас мамандардың сұрақтарына жауап беріліп, кәсіби өсу жолдары бойынша ұсыныстар берілді.

Қорытынды

«Осу векторы» семинарының күзгі сессиясы жас педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған маңызды тәжірибелік алаң болды. Әдістемелік қолдау көрсету жүйелі түрде ұйымдастырылып, мұғалімдердің күнделікті сабақ үдерісіне енгізе алатын нақты құралдар ұсынылды. Сессия нәтижесінде жас мамандар:

- бағалау жүйесін тиімді қолдану дағдыларын жетілдірді;
- жоспарлау дағдыларын нығайтты;
- педагогикалық жағдаяттарды шешу тәжірибесін арттырды;
- кәсіби ынтымақтастыққа бейімделді.

Ұсыныстар:

- Тәжірибелі педагогтермен жұптық жұмыс моделін күшейту.
- Сабақтағы белсенді оқыту әдістерін кеңінен енгізу.
- Бағалау критерийлерін құру бойынша тренингтерді жалғастыру.
- Құжаттамамен жұмыс бойынша практикалық семинар өткізу.

Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету, үздіксіз тәжірибені жүзеге асыру мақсатында әдістемелік бірлестіктердің бірлескен семинары өтті. Тақырыбы: «Сабақтағы “Адал азамат” бағдарламасының құндылықтары мен жасанды интеллект (ЖИ) интеграциясы»

Мақсаты: Сабақ үдерісінде «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді қолдану тәжірибесімен бөлісу.

Семинар барысында педагогтер «Адал азамат» бағдары мен ЖИ құралдарын сабақта қолдану бойынша жұмыс үлгілерін ұсынып, тақырып бойынша теориялық және практикалық жұмыстанып, тәжірибелерімен бөлісті. Семинар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, пәндік және цифрлық құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ заманауи білім беру үрдісіне сай жаңа әдістерді меңгеруге бағытталған маңызды алаң болды. Іс-шара барысында мұғалімдер өзара қолдау көрсетіп, тәжірибелерімен бөлісіп, «Адал азамат» құндылықтары мен жасанды интеллектті сабақта тиімді үйлестірудің жаңа жолдарын ашты.

2025–2026 оқу жылының қорытынды кезеңі болып табылатын 4-тоқсанда, сондай-ақ **2 жартыжылдық барысында педагогикалық ұжымға әдістемелік көмек көрсету және тәжірибе алмасуды ұйымдастыру мақсатында** мектепте жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Атап айтқанда, әдістемелік бірлестіктер аясында пән мұғалімдері арасында өзара сабаққа қатысу, ашық сабақтар өткізу, шеберлік сағаттары мен коучинг-сессиялар ұйымдастырылып, тиімді педагогикалық тәжірибелер таратылды. Бұл жұмыстар мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға және сабақ сапасын жақсартуға бағытталды.

Жүргізілген талдаулар барысында оқушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі себептері айқындалды:

- оқу материалының толық меңгерілмеуі;
- оқушылардың жеке оқу қарқыны мен қабілеттерінің әртүрлілігі;
- кері байланыстың жеткіліксіздігі;
- саралау жұмыстарының жүйелі жүргізілмеуі.

Осыған байланысты педагогикалық ұжым арасында оқыту сапасын арттыру, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану және бірлескен кәсіби қолдау көрсету жұмыстары күшейтілді.

2. Қабылданған ортақ шешімдер мен ұсыныстар

Жүргізілген талқылаулар мен тәжірибе алмасу нәтижесінде білім сапасын арттыру және нығайту бойынша келесідей шешімдер қабылданды:

1) Білімдегі олқылықтарды жою:

Әр оқушының білім деңгейіне талдау жасалып, жеке даму траекториялары құрылды. Қосымша сабақтар, жеке консультациялар және түзету жұмыстары ұйымдастырылып, жүйелі кері байланыс берілді.

2) Инновациялық тәсілдерді енгізу:

Сабақ сапасын арттыру мақсатында:

- Lesson Study (сабақты зерттеу);
- Action Research (іс-әрекеттегі зерттеу)

тәсілдері жүйелі түрде қолданылып, мұғалімдердің тәжірибе алмасуы қамтамасыз етілді.

3) Кәсіби даму және әдістемелік қолдау:

2 жартыжылдықта педагогикалық ұжымға әдістемелік көмек көрсету жұмыстары күшейтіліп:

- коучинг және тәлімгерлік жұмыстары жүргізілді;

- тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылды;
- үздік педагогикалық тәжірибелер жинақталып, таратылды.

Бұл шаралар мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, оқыту үдерісінің сапасына оң әсерін тигізді.

3. Қорытынды

Жүргізілген жұмыстар педагогикалық ұжымның бірлескен, жүйелі әрекеті арқылы білім сапасын арттыруға нақты мүмкіндік бар екенін көрсетті.

«Білімді ұрпақ – білікті ұстаздың қолында» қағидасын негізге ала отырып, мектеп ұжымы әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың сапалы білім алуына жағдай жасауда.

4-тоқсан және 2 жартыжылдық қорытындысы бойынша:

- білім сапасының оң динамикасы байқалды;
- оқушылардың оқу белсенділігі артты;
- мұғалімдердің кәсіби деңгейі көтерілді.

Алдағы кезеңде әдістемелік қолдау мен тәжірибе алмасу жұмыстары жалғасын тауып, білім сапасын тұрақты арттыру негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.

Еңбек өтілдері бойынша

Оқу жылы	барлығы	0-3	4-5	6-10	11-15	16-20	21жж
2024-2025	133	8	28	22	12	21	42
2025-2026	144	18	17	19	19	21	50

2024-2025 оқу жылы бойынша ұжымның жалпы орта білім беру циклі бойынша орташа еңбек өтілі 12 жыл 7 айды құрады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда педагогтердің еңбек өтілі жасарып келеді.

2025-2026 оқу жылы I жартыжылдық аяғында ұжымның жалпы орта білім беру циклі бойынша орташа еңбек өтілі 14 жылды құрайды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда педагогтердің еңбек өтілі өсіп келеді.

	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог – модератор
Растау	3	3	-	-
Беру	-	2	6	7
			6	4

Педагогтердің кәсіби әлеуеті білім сапасын арттырудың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Ұсыныстар:

- Келесі оқу жылында педагогтердің жетістіктерін арттыру мақсатында мұғалімдердің кәсіби дамуына бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіліп, әр педагогтің жеке даму траекториясы жасалуы қажет.

- Ашық сабақтар, коучингтер, Lesson Study, ic-әрекетті зерттеу, тәжірибе алмасу алаңдары тұрақты ұйымдастырылып, педагогтердің олимпиада, ғылыми жоба, кәсіби байқауларға қатысу белсенділігін күшейту ұсынылады.

- Педагогтердің жеке кәсіби байқауларға қатысу белсенділігін арттыру мақсатында әр мұғалімнің қабілеті мен бағытына сәйкес конкурс түрлері анықталып, жылдық қатысу жоспары құрылуы қажет.

- Байқауға қатысқан педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетіп, нәтижелі мұғалімдерді марапаттау және тәжірибесін тарату жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

Гимназиядағы педагогтердің кәсіби деңгейі жылдан-жылға артып келеді. Мұғалімдер біліктілік арттыру курстарынан өтіп, заманауи оқыту әдістерін тәжірибеге енгізуде. Бұл — білім сапасының негізгі көрсеткіші.

**Педагогтер жетістігі
2025-2026 оқу жылы**

Мұғалім	Нәтиже	Деңгей
Джумашева Г.М.	«Педагогикалық идея» I орын	Республикалық
Джумашева Г.М.	«Педагогикалық идея» I орын	Облыстық
Жубанова А.Т. Ескожина Б.Г.	Математикалық регата III орын	Қалалық
Бақыт А.Қ.	«Үздік авторлық бағдарлама» I орын	Қалалық
Кайыржанова Г.Р.	«Педагогикалық идея» III орын	Қалалық
Габбасова А.С.	«Педагогикалық идея» III орын	Қалалық
Ахтаров М.Ж.	«Тіл шебері» байқауы III орын	Қалалық
Жазанова М.С.	«XXI ғасыр филологі: дәстүр мен инновация» кәсіби олимпиадасы III орын	Қалалық
Асанова И.А.	«Дарынды балаларға талантты ұстаз» III орын	Қалалық
Нурашева Ж.К.	«Алтын тұғыр» II орын	Қалалық
Байзенова Ж.З.	«Алтын тұғыр» III орын	Қалалық
Балгабаева Ж.Ж.	«Алтын тұғыр» I орын	Қалалық
Бақыт А.Қ.	«Биологиялық регата» II орын	Қалалық
Бекишева Ш.Б.	«Тәуелсіздік – мәңгілік ел тұғыры» II орын	Қалалық
Бекишева Ш.Б.	«Қыл қалам өрген өрнектер» сурет байқауы I орын	Қалалық
Байзенова Ж.З.	«Тоғызқұмалақ және шахмат» турнир II орын	Қалалық, Облыстық
Байзенова Ж.З Утепбергенова Д.М.	Тоғызқұмалақ III орын	Облыстық
Деңгей	2024-2025	2025-2026
Республикалық	1	1
Облыстық	4	2
Қалалық	15	14
Желілік	1	4

2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарындағы педагогтердің жеке байқауларға қатысу нәтижелерін пайыздық көрсеткішпен салыстырмалы талдау барысында республикалық деңгейдегі нәтиже тұрақты сақталып, өзгеріссіз 1 көрсеткішті құрады, яғни өсім де, төмендеу де байқалмайды (0%). Облыстық деңгейдегі жетістіктер 4-тен 2-ге төмендеп, 50%-ға азайғаны анықталды. Қалалық деңгейдегі көрсеткіш 15-тен 14-ке кеміп, шамамен 6,7%-ға төмендеген.

Жалпы талдау нәтижесінде педагогтердің цифрлық және қашықтық форматтағы кәсіби белсенділігі айтарлықтай артқаны байқалады. Сонымен қатар облыстық және қалалық деңгейдегі нәтижелердің төмендеуі педагогтерді дәстүрлі кәсіби байқауларға тарту жұмыстарын күшейту қажеттігін көрсетеді.

Олимпиада жетістіктері:

Оқу жылы	Сынып	Қатысқан	Жүлдегер	Нәтиже	Жетістік
5–6 сынып	2024-2025 оқу жылы	16	11	69%	Қалалық кезең
	2025-2026 оқу жылы	16	15	94%	Қалалық кезең
7–8 сынып	2024-2025 оқу жылы	21	17	81%	Қалалық кезең
	2025-2026 оқу жылы	39	17	44%	Қалалық кезең
9-11 сынып	2024-2025 оқу жылы	68	29	42%	Қалалық кезең
	2025-2026 оқу жылы	67	31	46%	Қалалық кезең
Облыстық кезең	2024-2025 оқу жылы	7	4	57 %	-
	2025-2026 оқу жылы	8	7	88%	3 оқушы республикаға өтті
Республикалық кезең	2025-2026 оқу жылы	3	2	67%	III орын

Ұсыныс:

- мұғалімдердің өз пәні бойынша олимпиадалық резертегі оқушыларымен жүйелі жұмыстану;
- пәндік олимпиадаға оқушыларды дайындау жұмысы нәтижелі болуы үшін мұғалімдер оқу тапсырмаларының базасын үнемі жетілдіру;
- пәндік олимпиадаға тапсырмаларын саралауда отандық және шетелдік материалдарды пайдаланғанда сенімді дереккөздермен жұмыстану;

Ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарының нәтижелері

2-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» зерттеу жобалары

Көрсеткіш	Оқу жылы	Қалалық	Облыстық	Республикалық
I орын	2024-2025	2	-	-
	2025-2026	-	-	-
II орын	2024-2025	6	-	-
	2025-2026	3	-	-
III орын	2024-2025	2	1	Алғыс хат
	2025-2026	3	-	-

8-11 сыныптарға арналған ғылыми жобалар

Көрсеткіш	Оқу жылы	Қалалық	Облыстық	Республикалық
I орын	2024-2025	-	-	-
	2025-2026	-		
II орын	2024-2025	2	2	
	2025-2026	2		1
III орын	2024-2025	3	1	
	2025-2026	2		

Ұсыныс:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру, ғылыми ізденіске баулу үшін 2-7 сынып оқушыларының «Зерде» зерттеу жобалары конкурсы мен 8-11 сынып оқушыларының ғылыми жобалар конкурсына өзекті тақырып таңдау үшін пән бірлестігінде ЖОО мен орта арнаулы ББ мекемесі қызметкерлерінен әдістемелік кеңес алуды ұйымдастыру.

Гимназияда сабақты Lesson Study зерттеу бойынша үш топ жүйелі жұмыс жүргізді. Зерттеу барысында 1-топ сараланған тапсырмалар арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру жолдарын қарастырса, 2-топ дескрипторлар арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мәселесіне назар аударды. Ал 3-топ ойын элементтерін қолдану арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру бағытында зерттеу жұмыстарын ұйымдастырды.

Жүргізілген Lesson Study жұмыстары мұғалімдердің кәсіби дамуына оң әсерін тигізіп, сабақтарды бірлесіп жоспарлау мен талдау арқылы тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар оқушылардың оқу әрекеті терең зерттеліп, әртүрлі деңгейдегі білім алушылардың қажеттіліктері анықталды. Зерттеу үдерісі барысында мұғалімдер арасында ынтымақтастық пен командалық жұмыс нығайып, ортақ мақсатқа бағытталған жүйелі жұмыс қалыптасты.

Сабақты зерттеу нәтижесінде сабақтың тиімді және тиімсіз тұстары айқындалып, келесі сабақтарды жетілдіруге нақты ұсыныстар берілді. Мұғалімдер өз тәжірибесіне сыни тұрғыдан қарап, рефлексия жасау дағдыларын дамытты. Дегенмен, кейбір қиындықтар да кездесті. Атап айтқанда, барлық мұғалімдердің бірдей белсенді қатыспауы, жоспарлау мен талқылау кезінде педагогтердің толық жиналмауы, сондай-ақ өзара сабаққа қатысу мүмкіндігінің шектеулі болуы зерттеу жұмыстарының тиімділігіне әсер етті. Сонымен қатар Lesson Study нәтижесінің бірден байқалмай, ұзақ мерзімде көрінуі де назар аударуды қажет етеді. Жалпы алғанда, гимназиядағы үш топтың зерттеу жұмыстары мұғалім тәжірибесін жетілдіруге және сабақ сапасын арттыруға бағытталған тиімді әдіс ретінде өз нәтижесін көрсетті.

Артықшылықтары**Мұғалімдердің кәсіби дамуы**

Сабақты бірлесіп жоспарлау және талдау арқылы тәжірибе алмасты

Оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік берді

Оқушының оқуын терең зерттеу

Оқушылардың оқу барысы нақты бақыланды.

Әсіресе әртүрлі деңгейдегі оқушылардың қажеттіліктері анықталды.

Ынтымақтастық қалыптастырады

Мұғалімдер арасында сенім мен командалық жұмыс күшейді.

Ортақ мақсатқа бағытталған жұмыс жүрді.

Саба сапасын арттырады

Сабақтағы тиімді және тиімсіз тұстар анықталды.

Келесі сабақтарды жетілдіруге нақты ұсыныстар берілді.

Рефлексия жасау дағдысын дамытады

Мұғалім өз тәжірибесіне сыни көзқараспен қарайды.

Өзінің кәсіби әрекетін бағалауды үйренді

Кемшіліктері

Барлық мұғалім бірдей белсенді болмауы мүмкін

Кейбір қатысушылар тек бақылаушы рөлінде қалып қоюы мүмкін.

Нәтиженің бірден көрінбеуі

Өзгерістер ұзақ мерзімде байқалуы мүмкін.

Жоспарлауға, талқылауға педагогтердің толық жиналмауы

Өзара сабаққа қатысу мүмкіндігінің болмауы

Ұсыныс:

Lesson Study жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырып, мұғалімдердің барлығының белсенді қатысуына жағдай жасау қажет. Сонымен қатар өзара сабаққа қатысу мүмкіндігін арттырып, зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдану арқылы сабақ сапасын жетілдіру ұсынылады.

Біліктілікті арттыру курстары бойынша мәлімет

Ихсанова Шынар Жайболатовна	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс-әрекеті	04.08.- 15.08.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0939675 80 с.
Утишкалиева Салтанат Какимовна	Тарих пәні мұғалімі	«История и основы права: новые технологии в обучении»	04.08- 15.08.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0939632 80 с.
Ильясова Нургул Сериковна	куратор	Формирование базовых компетенций педагогов, реализующих инклюзивное образование	04.08- 15.08.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0939826 80 с.
Хамиева Жанна Гинаятовна	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Развитие предметных компетенций педагогов: эффективные практики обучения английскому языку	22.08.2025	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №149558
Султанов Адилхан Тлеккабылович	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні педагогтерінің пәндік және кәсіби күзіндеттіліктерін дамыту»	18.08- 29.08.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0939991 80 с.
Утениязова Марал Самигуллиевна	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	«Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар»	09.06.- 20.06.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0939288 80 с.

Кажимова Айгерім Құлқайырқызы	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	«Формирование базовых компетенций педагогов, реализующих инклюзивное образование»	04.08- 15.08.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0939829 80 с.
Шайхиева Динара Ерболатовна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Формирование базовых компетенций педагогов, реализующих инклюзивное образование»	04.08- 15.08.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0939842 80 с.
Рсаева Мендыгуль Түлеушевна	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби күздіреттіліктерін дамыту»	22.09.- 03.10.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0940746 80 с.
Закарина Анастасия Денисовна	Бастауыш сынып	«Исследовательская и практическая деятельность обучающихся начальной школы»	15.09- 26.09.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0940537 80 с.
Кужаева Гульнара Салиховна	Бастауыш сынып	«Исследовательская и практическая деятельность обучающихся начальной школы»	29.09- 10.10.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0940909 80 с.
Жусупкалиева Клара Кайдаровна	Физика	«Педагогтердің пәндік күздіреттілігін дамыту: физика мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі	08.09.2025	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №149617
Кабдылкадирова Ботагоз Муратовна	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби күздіреттіліктерін дамыту»	22.09.- 03.10.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0940738 80 с.

Хайруллина Айгуль Болатовна	География	Инклюзивті білім беруді іске асыратын педагогтердің базалық құзіреттерін қалыптастыру	02.09.- 12.09.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0940372 80 с.
Хайруллина Айгуль Болатовна	География	Основы финансовой грамотности	13.10.- 17.10.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0941091
Джетибаев Руслан Хайратович	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзіреттілігін дамыту	26.09.2025	ҚРОАМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК №0007272
Толыбаева Гүлдария Гариполлевна	Қазақ тілі мен әдебиеті	Негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі	03.11.2025	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №149993
Кубаева Жанна Киясовна	педассистент	Негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі	03.11.2025	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №149992
Шагуанов Равиль Аккалиевич	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзіреттілігін дамыту	17.10 2025	ҚРОАМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» 80 сағ №0007823
Ашекенова Үмітқаным Ермашқызы	Математика пәні мұғалімі	Функциональная математическая грамотность: методы и технологии»	15.09- 26.09.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0940477
Жубанова Альбина Тлековна	Математика пәні мұғалімі	Обучение математике в цифровой среде: практические инструменты и платформы	21.11.2025	НИИШ №150129 80ч
Мухамбетова Залина Муратовна	Математика пәні мұғалімі	Обучение математике в цифровой среде: практические инструменты и платформы	21.11.2025	НИИШ №150134 80ч
Утегенова Айбиби Салимгереевна	Математика пәні мұғалімі	Инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу әдістемелері мен технологиялары	10 .12.2025	EDY MASTER 80 сағ №013033
Джалмишева Гулжамал Максұтовна	Орыс тілі мен әдебиеті пәні	«Развитие предметных компетенций педагогов:	20.02.2026	НИИШ №182737 80ч

		эффективная практика обучения русскому»		
Хайруллина Айгуль Болатовна	География	«Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асырудағы жаңа тәсілдер: мақсаттан күтілетін оқу нәтижесіне жету»	10.04.2026	Өрлеу №0943080 80 сағ
Жазанова Махабат Сагандыковна	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Развитие предметных компетенций педагогов: эффективная практика обучения русскому языку и русской литературе»	20.02.2026	НИИШ №182738 80ч
Умбетова Римма Үмебетқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 педагогтерінің пәндік және кәсіби құзіреттіліктерін дамыту »	23.02 - 06.03.2026	Өрлеу №0930804 80 сағ
Туребаева Индира Каримовна	Орыс тілі мен әдебиеті	Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы	26.05.- 05.06.2025	Өрлеу №0938873 80 сағ
Бисенгалиева Сауле Сарсенгалиевна	Қазақ тілі мен әдебиеті	Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы білім беру стандартын жүзеге асырудағы жаңа тәсілдер: мақсаттан күтілетін оқу нәтижесіне жету. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті»	12.05- 22.05.2026	Өрлеу №0879123 80 сағ
Умарова Багдагуль Жигеровна	Тәрбие орынбасары	«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары басқарушылық қызметте	12.05- 22.05.2026	Өрлеу №0879315 80сағ
Салихова Альбина Раяновна	Бастауыш сынып мұғалімі	Развитие профессиональных компетенций педагогов в условиях инклюзивного образования	02.03.- 06.03.2026	Өрлеу №0942467 80 сағ

Назаргалиева Камила Нурлановна	Бастауыш сынып мұғалімі	Функциональная грамотность обучающихся начальных классов в контексте национальных и международных мониторинговых исследований	20.04.- 30.04.2026	Өрлеу №0943516 80 сағ
Жумагельдина Клара Елтаевна	Дефектолог	Инклюзия саласындағы педагогтердің кәсіби дамуы	09.02.2026- 20.02.2026	iPM Academy ЖПС «Психология және менеджмент инновациялық академиясы» №4102 80 сағ
Шайхиева Динара Ерболатовна	Бастауыш сынып мұғалімі	Мектеп директоры орынбасарларының кадрлық резерві: басқаруға кіріспе және әлеуетті дамыту	29.12.2025	360 сағат НИШ №150249
Артигалиева Айнура Мендешевна	Тарих пәнін мұғалімі	Педагогтердің пәндік кұзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі	08.06.2026 ж	80 сағат НИШ №183277

2024-2025 оқу жылына педагогтардың біліктілік арттырудың перспективалық жоспары бойынша 48 педагог жоспарланып, 31 педагог өз білімін жетілдірген, 2025-2026 оқу жылында 38 педагог жоспарланса, оның ішінде 33 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Жоспардың орындалуы (2025-2026)– 82,3 % ө.ж. салыстырсақ бұл 11 педагогқа немесе 16% көп. Келесі оқу жылына 36 педагог курстан өтуге жоспарланып отыр.

2025–2026 оқу жылының рейтинг қорытындысы бойынша гимназия педагогтері кәсіби шеберлігімен, шығармашылық ізденісімен және білім беру сапасын арттырудағы нәтижелі еңбегімен ерекшеленді. Атап айтқанда, Рсаева Мендыгуль Тулеушевна, Асанова Илана Аскаровна, Ахтаров Мирхат Жанболатұлы, Бақыт Асыл Қадыржанқызы, Баяндыкова Жазира Максотовна, Нурашева Жазира Кожагулқызы, Орлова Мария Александровна, Таскулова Гульнара Максutowна, Хихлухина Елена Владимировна гимназияның дамуына қосқан үлесі үшін алғысқа ие болды.

Жыл қорытындысында мұғалімдер ғылыми жоба, олимпиада, спорт, инновациялық жоба, тәлімгерлік және қоғамдық жұмыстар бағытында жоғары нәтиже көрсетіп, түрлі номинациялармен марапатталды. Жыл қорытындысында үздік деп тыналған төмендегі педагогтер: Байзенова Жадыра Зиеденовна – «Тоғызқұмалақтың үздік шебер ұстазы», Джумашева Гайша Мутиевна – «Үздік идея жетекшісі», Жазанова Махабат Сагандыковна – «Үздік тәлімгер ұстаз», Казанцева Ольга Михайловна – «Ғылым мен білім көшбасшысы», Рахметова Ақгүл Жардемқызы – «Педагогикалық шеберлік көшбасшысы», Кабдылкадирова Ботагоз Муратовна – «Жетістік пен белсенділік көшбасшысы», Панфилов Петр Николаевич – «Чемпиондар тәрбиелеген үздік ұстаз» номинацияларымен марапатталды. Бұл нәтижелер педагогтердің кәсіби белсенділігі мен білім сапасын арттырудағы жүйелі жұмысының жоғары деңгейде жүргізілгенін көрсетеді.

. Бұл көрсеткіштер педагогтердің кәсіби белсенділігінің артып, гимназияның білім беру сапасының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

2026-2027 оқу жылына ұсыныстар:

- педагогтердің іс-әрекетті зерттеу жұмыстарын (Action Research) ұйымдастырып, мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру;
- Lesson Study, Action Research үдерістері арқылы сапалы сабақ өткізу тәжірибесін жетілдіру және тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді кеңінен енгізу;
- пәндік олимпиадаларға дайындық жұмыстарын жүйелі ұйымдастырып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер санын арттыруға бағытталған жұмыстарды күшейту;
- оқушылардың ғылыми жобаларға қатысу белсенділігін арттырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын көтеру арқылы жетістіктер көрсеткішін көбейту;
- дарынды және қабілетті оқушылармен мақсатты жұмыс жүргізіп, олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу алаңдарын, шеберлік сыныптарын, коучингтер мен семинарларды тұрақты өткізу;
- оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану арқылы сабақ сапасын арттыру.

III. Білім алушылар контингенті

оқыту кезеңдері	2022-2023 о.ж аяғында		2023-2024 о.ж аяғында		2024-2025 о.ж аяғында		2025-2026 о.ж аяғында	
	саны		саны		саны		саны	
	оқушы	сынып	оқушы	оқушы	сынып	сынып	оқушы	сынып
бастауыш сынып	920	31	984	31	972	31	875	28
негізгі мектеп	626	26	691	761	30	28	866	33
орта мектеп	63	4	86	113	7	5	137	8
барлығы	1609	61	1761	1846	68	64	1878	69

2025-2026 оқу жылын 1878 оқушымен аяқтап отырмыз. Оның ішінде 1-4 сыныптарда-875 оқушы, 5-9 сыныптарда-866 оқушы, 10-11 сыныптарда- 137 оқушы бар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 1-сыныптағы 192 оқушыға ағымдық бақылау жүргізілмейді. 2-4 сыныптарда 300 оқушы оқу озаты болып оқу жылын аяқтап отыр.

1-сыныпты 192 оқушы аяқтады, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-95, оқытылуы орыс тілінде- 97.

2-4 сыныптарды 683 оқушы аяқтады, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-281оқушы, оқытылуы орыс тілінде- 402 оқушы. Қазақ сыныптарындағы білім сапасы- 93,9 %, орыс тіліндегі сыныптарда-89,5% құрады, үлгерім 100 %.

5-9 сыныптарды 866 оқушы аяқтады, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-286 оқушы, оқытылуы орыс тілінде- 580 оқушы. Қазақ сыныптарындағы білім сапасы- 86,6%, орыс тіліндегі сыныптарда- 73,5% құрады, үлгерім 100 %.

10-11 сыныптарды 137 оқушы аяқтады, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-41оқушы, оқытылуы орыс тілінде- 96 оқушы. Қазақ сыныптарындағы білім сапасы- 95,1%, орыс тіліндегі сыныптарда- 85,4% құрады, үлгерім 100 %.

Гимназия бойынша барлығы 1878 оқушы оқу жылын аяқтаса, 2-11 сыныптарды 1686 оқушы бітірді, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-608 оқушы, оқытылуы орыс тілінде- 1078 оқушы. Қазақ сыныптарындағы білім сапасы- 90,6%, орыс тіліндегі сыныптарда- 80,5% құрады, үлгерім 100 %.

Жалпы гимназия бойынша 4-тоқсандағы білім сапасы- 78,66% құрады, үлгерім 100 %.

Гимназия бойынша барлығы 1878 оқушының жылдық білім сапасы- 84,19% құрады, яғни 507 оқу озаты, 912 оқу екпіндісі бар, үлгерім 100 %.

2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша аттестатталмаған оқушы жоқ. Оқу жылының қорытындысы бойынша үлгерім сапасы – 100%, білім сапасы-84,19% құрады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда -1,5% төмендеу байқалды (2024-2025 оқу жылы 85,69%).

Соның ішінде қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда-90,6% (ө.ж. 91,2%), орыс тілінде оқытылатын сыныптарда-80,57% (ө.ж. 82,6%) білім сапасын көрсетіп отыр.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 бұйрығына сәйкес 1-сыныптың 192 оқушысына аралық аттестаттау өткізілмей, келесі 2-сыныпқа көшіріледі. 2-4 сыныптар арасындағы 683 оқушы жылдық бағалары бойынша сәйкесінше келесі сыныптарға көшіріледі. Оның ішінде оқу озаты – 300 оқушыны құрады.

Білім сапасының сыныптар кесіміндегі динамикасы

сыныбы	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	жылдық
2-а	94,35	93,35	93,33	93,33	93,33
2-ә	92	92	100	100	100
2-г	100	100	100	100	100
2-б	96,66	96,66	90	86,67	96,67
2-в	88,23	91,18	90,91	90,91	90,91
2-д	91,17	88,24	85,71	77,14	91,43
2 сынып	93,44	93,4	92,85	90,66	95,05
3-а	90,9	90,9	93,94	90,91	93,94
3-ә	90,32	90	90	90	90
3-г	76,92	76,92	92,31	92,31	92,31
3-б	84,37	90,63	96,88	93,75	96,88
3-в	87,5	93,75	96,88	93,75	96,88
3-д	85,29	90,91	84,85	81,82	87,88
3-ж	68,57	73,53	82,35	79,41	79,41
3 сынып	83,41	86,81	90,9	88,64	90,91
4-а	88,46	88,46	84,62	84,62	92,31
4-ә	86,66	96,67	83,33	93,33	96,9
4-г	88,46	84,62	88,46	84,62	88,46
4-ғ	92,59	84,62	88,46	88,46	92,31
4-б	83,33	91,43	82,35	85,29	91,18
4-в	63,88	69,44	75	69,44	80,56
4 д	85,71	87,88	84,85	87,88	87,88
4-е	67,64	84,38	84,85	81,82	85,29
4-ж	91,66	91,67	86,11	75	94,67
4 сынып	82,51	86,12	83,62	82,56	89,32
2-4 сынып	85,69	88,28	88,43	86,68	91,36
5-а	100	93,55	96,67	100	100
5-ә	73,33	76,67	79,31	70	83,33
5-г	78,12	84,38	84,38	75	84,38
5-б	80	76	76	80,77	84,62

5-в	51,85	44,44	48	44	52
5-д	58,06	48,39	61,29	54,84	67,74
5-е	76,92	76	80	68	80
5-ж	74,07	80,77	88,46	88,46	88,46
5-з	74,19	76,67	70	73,33	80
5 сынып	74,23	73,15	76,28	72,94	80,39
6-г	80	70	66,67	73,33	80
6-д	93,75	78,12	83,87	90,32	90,32
6-а	82,14	75	71,43	78,57	85,71
6-б	76,92	76,92	73,08	76,92	76,92
6-в	76	80	72	76	80
6-е	89,28	89,29	89,29	89,29	89,29
6-ж	68,96	68,97	68,97	65,52	72,41
6 сынып	81,31	76,76	75,12	78,68	82,23
7-ә	70	60	55	61,9	71,43
7-в	82,6	71,43	73,68	68,42	89,47
7-а	67,74	48,39	61,29	80,65	80,65
7-б	39,28	34,48	39,29	51,72	44,83
7-г	55,55	50	59,26	51,85	74,07
7-д	34,61	47,83	50	52,38	61,9
7 сынып	58,06	50,65	56,08	61,49	69,59
8-ә	91,3	52,17	87,5	87,5	91,67
8-в	69,56	45,45	68,18	68,18	77,27
8-а	79,31	72,41	75,86	65,52	82,76
8-б	54,54	45,45	59,09	45,45	59,09
8-г	72	60	68	79,17	83,33
8-д	37,5	41,67	54,17	50	58,33
8 сынып	67,81	53,79	69,17	66,21	75,86
9-ә	72	75	73,91	82,61	86,96
9-г	82,6	86,96	91,3	91,3	95,65
9-а	42,3	42,31	56	48	52
9-б	45,83	52,17	47,83	73,91	73,91
9-в	70,83	75	79,17	83,33	83,33
9 сынып	62,3	64,75	69,49	75,42	77,97
5-9 сынып	70,14	65,67	70,41	71,49	77,87
10-а	80	75	100	100	100
10-ә	80	78,57	85,71	73,33	86,67
10-б	70,83	76	70,83	100	95,83
10-в	60	44	56	68	76
10 сынып	70,27	65,27	71,83	83,33	87,5
11-а	100	100	100	100	100
11-ә	87,5	100	100	100	100
11-б	66,66	70	65	70	80
11-в	81,48	81,48	81,48	85,19	85,19

11 сынып	80,6	80,6	81,53	84,62	87,69
10-11 сынып	75,17	73,72	76,47	83,94	87,59
2-11 сынып	76,83	75,44	78,22	78,66	84,19

ҰСЫНЫС:

1. Гимназия бойынша 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша 1878 оқушының білім сапасы- 84,19% құрады, үлгерім 100 %. 507 оқу озаты, 912 оқу екпіндісі бар. Аталған білім сапасының көрсеткіштері «жақсы» деп саналсын.
 2. Бастауыш 2-4 сыныптардағы оқу озаттарын мақтау қағазымен марапатталсын, сонымен қатар 1-4 сыныптардың 875 оқушысы келесі сыныпқа көшірілсін.
 3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» бұйрығының 35-тармағына сәйкес 5-8,10 сыныптардағы 815 оқушыны «қазақ тілі», «қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен аралық бақылауға жіберілсін (тізім қоса жалғанды). Аталған бұйрықтың 35-1 тармағына сәйкес денсаулық жағдайларына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен емтихан тапсырудан босатылған 5в-сынып оқушысы Чурбанова Дарья, 10б-сынып оқушысы Максұтов Алмаз «қазақ тілі мен әдебиеті» пәні емтиханынан босатылсын.
 4. 2025-2026 оқу жылында эстетикалық бағыттағы гимназия бойынша негізгі мектеп курсын бітіруші 5 сынып жинағы, 121 оқушы бар. Оның ішінде 2 сынып-9 «ә», 9 «г» сыныптары оқытуы қазақ тілінде, барлығы-47 оқушы. Орыс тілінде оқытылатын 3 сыныпта – 9 «а», 9 «б», 9 «в»- 74 оқушы бар. Жалпы орта мектеп курсын бітіруші 4 сынып жинағы, 65 оқушы бар. Оның ішінде 2 сынып-11а-сыныбы- жаратылыстану-математика бағытында, 11 «ә»-сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағытта, оқытуы қазақ тілінде, барлығы-18 оқушы. Орыс тілінде оқытылатын 11 «б»-сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағытта-20 оқушы, 11 «в»-сыныпта- қоғамдық-гуманитарлық бағыт – 27 оқушы бар. ҚР білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18-наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 бұйрығының 50-тармағына сәйкес 9 «в» сынып оқушысы Амиров Арыстан Булатович және 9 «г» сынып оқушысы Жасқайрат Ағиба Радикқызы денсаулық жағдайына байланысты негізгі мектеп курсының қорытынды аттестаттауынан облыстық білім басқармасының 25.05.2026ж. №433 бұйрығы негізінде, 11 «б» сынып оқушысы Краденова Алиса Дмитриевна халықаралық жарысқа ҚР құрама командасына үміткер болып табылуына байланысты Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының 13.05.2026ж. №410 бұйрығы негізінде қорытынды аттестаттау емтихандарынан босатылды.
- 9 «а», 9 «ә», 9 «б», 9 «в», 9 «г» сыныптардағы 119 оқушы, 11 «а», 11 «ә», 11 «б», 11 «в» сыныптардағы -64 оқушы қорытынды аттестаттау емтихандарына жіберілді.

Оқу озаттары мен екпінділері

	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Оқу озаттары	317	463	536	507
Оқу екпінділері	664	857	895	912
Барлығы	981	1320	1431	1419

Білім сапасы

	2022-2023	2023-2024	2024 – 2025	2025-2026
Білім сапасы	72,4	82,4	85,69	84,19

Гимназия Жарғысының қойылатын талаптарына сай, оқушылығының пәндер бойынша орташа баллы 3,7 – ден төмен болса, педагогикалық кеңеске қаралуға ұсынылады. Осыған

байланысты төмендегі оқушылар педагогикалық кеңеске қаралуға ұсынылды. (*ата – аналарына немесе заңды өкілдеріне ескертпе хат ұсынылды*)

ҰСЫНЫС:

- Білім сапасын тұрақтандыру бойынша жүйелі жұмыстары жүргізілсін;
- Бағалардың шынайы қойылуы бойынша әр ӘБ отырысында талқыланып отырсын;
- ӘБ отырысында пәндер бойынша жылдық қорытынды сапасы талқылау, білім сапасының өсу мен кему себептерін ануқтау;
- 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша ескертпе қағазбен отырған оқушыларға аралық емтихан қорытындысынан кейін қойылатын бағаны есептей отырып, орташа ұпайдарын есептеу. 3,7 ұпайдан төмен және білім беру ұйымының жарығысын бірнеше рет өрескел бұзғаны үшін оның ішінде «Білім туралы» заңының 47 бабын бұзғаны үшін тізімдегі көрсетілген оқушылардың сынып жетекшілеріне оқу жылының қорытындысы бойынша ескерту берілсін;

IV. Оқу үдерісін ұйымдастыру.

Гимназияның 2025-2026 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспарлары бар. Жыл сайынғы талдаулар жасалып, жіберілген кемшіліктерге ерекше назар аударылып жұмыстар жоспарларының, жүзеге асты.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар, базистік оқу жоспары бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау жүргізілуде. Педагог кадрлармен жұмыс барысында, педагог кадрлар туралы жалпы мәлімет жасақталды. Мектепте критериалды бағалау жүйесін ұйымдастырудағы жауапты қызметкерлердің міндеттемелері орындалуда. Педагогикалық кадрлардың аттестаттау бойынша жұмыстар жүруде. Педагогикалық кеңес жұмысы, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, пән апталықтары жоспарға сай өткізілуде.

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2025-2026 оқу жылында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы Орал қалалық білім беру бөлімі «Эстетикалық бағыттағы мектеп гимназиясы» ШЖҚММК 2024-2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары 2024 жылғы 29 тамыздағы мектептің №1 педагогикалық кеңесінің шешімдері басшылыққа алынды және оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 14,15-қосымшасы (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығымен бекітілген негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарының 9,10-қосымшалары*) басшылыққа алынды. Бастауыш сатыда үйден оқитын 1 оқушы (4 «е» Ж.Мустафина) болуына байланысты оқу жоспарында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 53,54-қосымшалары басшылыққа алынды.

5-9-сыныптарда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19,20-қосымшасы) басшылыққа алынды.

10-11 - сыныптарда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 27,28,29,30 - қосымшасы басшылыққа алынды.

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы» КММ тәртібімен 2025 жылдың 02 қыркүйегінен бастап облыс бойынша білім беру ұйымдарындағы электронды журналдың жүргізілуі «Bilim Group» компаниясының «BilimClass» платформасы арқылы жүргізілді. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімінің 07.11.2025ж. №2-1-1/4087 хаты негізінде 2025-2026 оқу жылының екінші оқу тоқсанынан бастап жалпы білім беретін мектептердегі оқу процесі «Күнделік» ақпараттық жүйесіне көшірілді. Сабақ кестесі бойынша мейрам күндеріне тұспа-тұс келген сабақтар қосымша сағаттардың бөлінуінсіз гимназия басшысының 02.09.2025ж. №214н/к, 05.01.2026ж. №13н/к бұйрықтары негізінде кіріктірілді. 2025-2026 оқу жылы бойынша «Күнделік» электронды журналында бағдарламаның жыл бойынша орындалуы барлық сыныптарда 100% орындалды. Оқу жоспарына сай жүргізілетін барлық пәндер бойынша пән мұғалімдерінде «Күнделік» электронды журналының жүргізілуі статистикалық өлшемдерге сәйкес «Үй тапсырмасы берілген сабақтар %», «Тақырыптың толтырылу %», «Жоспарлауды жүргізу %», «Журналды жүргізу %» шарттары бойынша 100% көрсеткішті құрады.

Учебный год	2016/2017	2017/2018	2018/2019	2019/2020	2020/2021	2021/2022	2022/2023	2023/2024	2024/2025	2025/2026
Промежуток	26.02.2017	26.02.2018	26.02.2019	26.02.2020	26.02.2021	26.02.2022	26.02.2023	26.02.2024	26.02.2025	25.05.2026
% записанных тем	Получено	100%	0%							
% уроков в ДЗ	Получено	100%	0%							
Среднедневная норма ДЗ	Получено	100%	0%							
Ведение классного журнала	Получено	100%	0%							
Среднедневная норма ведения журнала	Получено	100%	0%							

Общая статистика по классам	% уроков в ДЗ	Среднедневная норма ДЗ, %	% записанных тем	Ведение классного журнала, %	Среднедневная норма ведения журнала, %
707 класс, МКО	100	77.59	100	100	1481 из 1481
					71

Оқу жоспары бойынша инвариант компонентіндегі сағаттардың пәндер бойынша оқу бағдарламасына сәйкес орындалу көрсеткіші гимназия бойынша барлық 69 сыныпта 100% көрсеткішті құрады.

Учебный год	2019/2020	2020/2021	2021/2022	2022/2023	2023/2024	2024/2025
Промежуток	03.11.2025	25.05.2026				
% записанных тем	Получено	100%	0%			
% уроков в ДЗ	Получено	100%	0%			
Среднедневная норма ДЗ	Получено	100%	0%			
Ведение классного журнала	Получено	100%	0%			
Среднедневная норма ведения журнала	Получено	100%	0%			

Общая статистика по классам	% уроков в ДЗ	Среднедневная норма ДЗ, %	% записанных тем	Ведение классного журнала, %	Среднедневная норма ведения журнала, %
707 класс, МКО	100	77.59	100	100	1481 из 1481
					71

Оқу жоспарына сәйкес міндетті, тереңдетілген, стандарттық бөлімдердегі барлық оқу пәндері бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. «Күнделік» электрондық жүйесінде 2024 - 2025 оқу жылында оқу бағдарламасы 100% орындалып отыр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2025-2026 оқу жылында:

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне енетін әрбір оқу курсы бойынша білім, шеберлік және дағды мазмұны мен көлемін анықтайтын сағаттар болып табылады. Вариативті оқу бағдарламалары вариативті компонентке кіретін оқу пәндері мен курстарының мазмұнын іске асырады. Оқу пәндерін меңгертудің жетік деңгейлері білім алушылардың білімінің кеңейтілген және тереңдетілген көлемін, олардың шеберлігі мен дағдыларын қамтиды. Оқу пәндерін меңгертудің мүмкін деңгейі 7-11 сыныптар үшін вариативтік оқу бағдарламасы негізінде жалпы білім беретін ұйымдардың таңдауы бойынша жүзеге асырылады. Оқушылардың вариативті курсты таңдау кезіндегі күтетін нәтижесі көп жағдайда кейбір метапәндік нәтижелерге қол жеткізуге бағытталды. Сонымен қатар 10–11 сыныптарда таңдалған пәндер бойынша оқу жүктемесі арттырылып, тереңдетілген білім берілді.

Подкаст барысында ұстаз мамандығының маңызы, мұғалімнің қоғамдағы орны мен ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі туралы мазмұнды ойлар айтылды. Оқушылар ұстаздарға деген алғыстарын білдіріп, олардың еңбегін жоғары бағалады.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPNnDzACBT2/

«Өзіңнің ерекше гүлшоғынды жина» шеберлік сағаты

6 қазан күні гимназияда «Экомеркез» экологиялық жобасы аясында «Өзіңнің ерекше гүлшоғынды жина» атты шеберлік сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға экологиялық тәрбие беру, өсімдіктерді күтіп-баптау жолдарын үйрету және табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру болды.

Шара барысында «BOOTON» гүлдер дүкенінің мамандары гүл композицияларын жасаудың қыр-сырын көрсетіп, оқушылармен тәжірибелік жұмыстар жүргізді. Оқушылар үлкен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPlkE5VCC09/

«Эко сағат. Қоқысты дұрыс сұрыптау» сынып сағаты

8 қазан күні 7 «Г» сыныбында «Эко сағат. Қоқысты дұрыс сұрыптау» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты – оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу және қалдықтарды сұрыптау дағдыларын дамыту болды.

Сынып сағаты барысында оқушылар пластик, қағаз, шыны және органикалық қалдықтарды бөлек жинаудың маңызымен танысты. Сонымен қатар «Контейнерді тап» интерактивті ойыны ұйымдастырылып, оқушылар қоқыстарды тиісті жәшіктерге бөліп орналастырды.

Сабақ соңында оқушылар пластикті қайта өңдеу үдерісін сахналық көрініс арқылы көрсетті.

Сынып жетекшісі: Нұрланова А.Ж. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPl4Qk3iGMy/

«Заң және тәртіп» эстафеталық флешмобы

Орал қаласы прокуратурасының бастамасымен ұйымдастырылған «Заң және тәртіп» атты қалалық эстафеталық флешмобқа гимназия оқушылары белсенді қатысты.

Іс-шараның мақсаты – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және заңға құрмет сезімін тәрбиелеу болды.

Флешмоб барысында оқушылар заңды сақтау, тәртіпке бағыну және өзара сыйластық туралы үндеулер жасап, эстафетаны №37 мектепке жолдады.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPmIOcWCLe/

Кибербуллингтің алдын алу бағытындағы тәрбие сағаттары

Қазан айында интернет қауіпсіздігі және кибербуллингтің алдын алу мақсатында бірнеше сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

8 «Д» сыныбында «Кибербуллингтің рөлдік құрылымы» тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылып, оқушылар кибербуллингке қатысушылардың рөлдері мен оның зардаптарын талқылады.

Сынып жетекшісі: Аманбаева А.Н.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPmPrAkCOHA/

7 қазан күні 6 «Г» сыныбында «Кибербуллинг және интернет қауіпсіздігі» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Оқушыларға интернеттегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, өзара пікір алмасу ұйымдастырылды.

Кураторы: Қайыржанов Н.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPmRXBaiMoE/

7 «Б» сыныбында «Буллингке жол жоқ!» тақырыбында сынып сағаты өткізіліп, оқушылар мейірімділік, сыйластық және өзара қолдау туралы ой бөлісті.

Сынып жетекшісі: Ташекенова Р.Х. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPoEXcqiKlV/

09.10.2025 жылы 8 «Г» сыныбында «Цифрлық әлемдегі қауіпсіз қадамдар» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – интернетте қауіпсіз әрі жауапты мінез-құлық қалыптастыру, оқушыларға цифрлық ортадағы қауіптердің алдын алу жолдарын түсіндіру болды. Сабақ барысында түрлі жағдаяттар талданып, оқушылар топтық жұмыстар арқылы өз шешімдерін ұсынды. Оқушылар тақырыпқа белсенді қатысып, цифрлық қауіпсіздіктің маңызын терең түсінді.

Instagram

сілтемесі:

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPogZw2iKW_/

Патриоттық және тарихи-танымдық іс-шаралар

10 қазанда мектеп парламенті мен 7 «Ә», 7 «В» сынып оқушыларының қатысуымен Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына арналған «Бауыржан Момышұлы – ел ерлігі мен ұлт намысының символы» атты танымдық сабақ өткізілді. Іс-шара барысында батырдың өмір жолы мен ерлігі насихатталып, оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттер қалыптастырылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPog3SjCIfO/

Республика күніне орай гимназияда бірқатар патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Қыран елім – Қазақстаным» акциясы аясында Мемлекеттік Әнұран орындалды, «Мен қазақпын. Алаштың аманаты» атты мерекелік кеш өткізілді, сондай-ақ «Менің Қазақстаным»

тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQJirWgCPFR/

«Қамқор» жобасының «Күзгі асар» жәрмеңкесі аясында 5–6 сыныптар арасында «Сиқырлы күз» тақырыбында сурет байқауы өткізіліп, оқушылар күз мезгілінің сұлулығын шығармашылық жұмыстарында бейнеледі. Сонымен қатар күз тақырыбындағы шығармашылық көрме ұйымдастырылып, оқушылар өз қолымен жасаған бұйымдары мен суреттерін ұсынды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPtOtWnCMRA/

«Шабыт», «Мектеп театры» жобасы аясында «Ертегілер елінде» атты іс-шара өткізіліп, 5 «Г» сынып оқушылары «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін сахналық қойылым ретінде көрсетті. Іс-шара оқушылардың театр өнеріне қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DPyvdP8COfe/

14 қазан күні ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналарына арналған «Шекарасыз әлем» форумы ұйымдастырылды. Форум барысында педагог-психолог, логопед, дефектолог және әлеуметтік педагог мамандар ата-аналарға кеңес беріп, тәжірибе алмасты.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DP1Gk8piJHA/

«Адал азамат» бағдарламасы аясында 7 «Г» сыныбында «Нан күні» тақырыбында сынып сағаты өткізіліп, оқушыларға нанның қадірі мен адам еңбегінің маңызы түсіндірілді.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DP205iOCKB3/

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Киберқауіпсіздік өзіңнен басталады» және жемқорлықтың алдын алу тақырыптарында әлеуметтік бейнероликтер түсірілді. Бұл жұмыстар оқушылардың медиа сауаттылығын, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DP364PRCMf-/

Сонымен қатар гимназияда ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұлттық нақыштағы киім кию дәстүрі жалғасып, оқушылар арасында қазақы шаш өру мәдениетін насихаттайтын бастама көтерілді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DP5nV8OiLK8/

16 қазан күні №5 қалалық емханасының мамандарымен 7–8 сынып қыздарына арналған денсаулық, тазалық мәдениеті және қыз бала гигиенасы тақырыптарында түсіндіру кездесуі өткізілді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DP6hsAMiD5S/

17 қазан күні «Адал азамат» жобасы аясында «Бауырсақ Party» іс-шарасы ұйымдастырылып, оқушылар арасында ұлттық дәстүрлер мен қонақжайлық құндылықтары насихатталды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQBQcc5iKYC/

Гимназия кітапханасында қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Жұбан Молдағалиевтің туғанына 105 жыл толуына орай «Жырында елдің үні бар» атты поэзия сағаты өткізілді. Іс-шара барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы таныстырылып, оқушылар өлеңдерінен үзінділер оқыды. Сонымен қатар «Әдеби Ақжайық» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQB6z8YCAxx/

«Еңбегі адал – жас өрен», «Мамандықтар әлемі» жобасы аясында 10 «В» сынып оқушылары Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетіне экскурсия жасап, білім беру бағдарламаларымен және мамандықтармен танысты. Бұл іс-шара оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруға ықпал етті. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQCf5C3iG6U/

Республика күніне орай гимназияда көптеген патриоттық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Қыран елім – Қазақстаным» акциясы аясында Мемлекеттік Әнұран жаппай орындалып, оқушылар арасында «Менің Қазақстаным» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Сонымен қатар «Мен – Қазақпын, Алаштың аманаты» атты мерекелік кеш ұйымдастырылып, оқушылар ән, би, көркемсөз арқылы ұлттық рух пен елдік құндылықтарды дәріптеді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQN8tr-iECd/

«Жас Ұлан» ұйымының мүшелері Республика күніне арналған патриоттық үндеу жасап, оқушылардың бойындағы отансүйгіштік қасиеттерді нығайтуға үлес қосты. Гимназия тәлімгері мен мектеп парламентінің ұйымдастыруымен 5-сынып оқушылары арасында «Рух» атты патриоттық флешмоб өткізілді. https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DQOR5oZDIHL/

«Шабыт» жобасы аясында Көркемсурет бөлімінің оқушыларының «Өнер – ұлттың айнасы» атты ұлттық көрмесі ұйымдастырылып, жас суретшілердің шығармашылық жұмыстары көпшілік

назарына ұсынылды. Сонымен қатар мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Алаш қайраткерлері» тақырыбында тарихи бейнеролик түсіріліп, Алаш зиялыларының тарихи мұрасы насихатталды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQOFMJ0C1FC/

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында Т. Әлімқұлов пен Ж. Нәжімеденовтің шығармашылығына арналған әдеби саяхат өткізіліп, оқушылар қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының еңбектерімен танысты. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQJcSFQCItL/ 27 қазан күні гимназияда дәстүрлі лездеме өткізіліп, Республика күніне орай белсенді және үлгілі оқушылар гимназия әкімшілігі тарапынан марапатталды.

Сонымен қатар гимназияда бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша жоспарлы отырыс ұйымдастырылып, қауіпсіз орта қалыптастыру және алдын алу шараларын жетілдіру мәселелері қарастырылды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQNAMxyiIkZ/

1–11 сыныптар арасында өткізілген ата-аналар жиналысында І тоқсан қорытындылары талданып, оқушылардың оқу үлгерімі мен тәртібі бойынша ата-аналарға ақпарат берілді. Пән мұғалімдері ата-аналармен кері байланыс орнатып, білім сапасын арттыру бағытындағы ұсыныстарымен бөлісті. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQcdeYciCle/

Қараша ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

Қараша айында мектептебімізде **Әділдік және Жауапкершілік айы** аясында оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға, әділдік пен жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған түрлі іс-шаралар өткізілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұсынысына сәйкес «Ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы мектеп кітапханалары айлығы аясында гимназия кітапханасында көптеген әдеби шаралар өткізілді. Атап айтқанда, Абай шығармаларына арналған әдеби-музыкалық композиция https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQts14tiPnB/, «Қазақ халық ертегілерін дауыстап оқу» сағаты https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQt1YEOiNw0/, «Менің сүйікті кітабым» жобасы мен кітап оқу акциялары ұйымдастырылды https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQudvg4CM8S/.

Шаралар барысында оқушылар қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын таныстырып, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар, Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған әдеби кеш өткізіліп, оқушылар ақын шығармаларын мәнерлеп оқыды https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRuucQ7CEsX/ «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылып, оқушылар мектеп кітапханасының қорын толықтыруға үлес қосты. https://www.instagram.com/shgen_07/p/DRw8HygCPjL/ «Кітап әлеміне саяхат» https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRh6CBACIX1/, «Өзің оқы, өзгеге ұсын» атты рухани-танымдық және шығармашылық жұмыстар оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRw3GgCCHkW/

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және патриоттық тәрбие беру мақсатында Ұлттық валюта күніне арналған «Теңге – тәуелсіз елдің тірегі», «Ұлттық теңге – ұлттық мақтанышымыз!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылар ұлттық валютаның тарихымен танысып, қаржылық сауаттылықтарын арттырды. Сонымен қатар, ашық тәрбие сағаттары мен шығармашылық жұмыстар арқылы теңгенің тәуелсіз елдің маңызды символы екені түсіндірілді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQ7DwuyiO9Y/

Гимназия оқушылары Қазақстан мен Ресей арасындағы ХХІ өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында ұйымдастырылған жаңа технологиялар көрмесіне қатысып, техникалық және ІТ салалары бойынша кәсіби бағдар алды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DQ9gly3iIRr/

Құқықтық тәрбие және қауіпсіздік бағытында «Жасөспірім және заң» https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRCMc-PiLK/, «Қауіпсіздік сабағы» https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRSiesnCFkn/, «ДОСБОЛЛИКЕ – Буллингтен қорған!», «Дос болайық», «Буллингке жол жоқ!» тақырыптарында сынып сағаттары ұйымдастырылды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRUJRihCLY7/, https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRUNEGrCF6H/.

Сонымен қатар KiberOne бағдарламалау мектебінің мамандары оқушыларға «Кибербуллинг және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық»

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRoS601iGTg/.

Оқушылардың жол қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру мақсатында жол қозғалысы инспекторларымен интерактивті сабақтар өткізілді. 5 «Г» сынып оқушылары жолда жүру ережелерін насихаттау жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік ережелерін түсіндірді https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRiEvqlCGF9/. Сонымен қатар Орал қаласының №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерімен өрт қауіпсіздігі https://www.instagram.com/112oral_bko/reel/DRw90GRCOW9, жұқа мұздағы қауіпсіздік және төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер бойынша кездесулер ұйымдастырылды. https://www.instagram.com/112oral_bko/reel/DRw90GRCOW9/, https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRSiesnCFkn/

Отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатында «Тәрбиелі ұл – өнегелі әкеден» атты әкелер форумы өткізіліп, әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған көрмелер, сұхбаттар және шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды. Форум барысында ұлттық тәрбие, әкенің отбасыдағы рөлі және бала тәрбиесіндегі жауапкершілік мәселелері талқыланды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRKVw65CG_q/

Гимназияда ата-аналар қауымымен бірлескен жұмыстар да жүйелі түрде жүргізілді. Жалпымектептік ата-аналар жиналысында кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мәселелері қарастырылып, мектеп пен ата-аналардың бірлескен әрекеті жөнінде нақты ұсыныстар қабылданды.

Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық, интеллектуалдық және әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында экологиялық брейн-ринг, ұлттық ойындарға арналған «Тиімді үзіліс» жобасы, «Бауырсақ Party», ашық микрофон, театрға бару, зияткерлік ойындар және ашық сабақтар өткізілді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRmwhAtiOI8/

Желтоқсан БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Айдың басында 9 «Б» сыныбында «Тұтынушы ретіндегі сенің құқықтарың» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, БҚО Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің мамандары қатысып, оқушыларға тұтынушы құқықтары туралы құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар гимназияда Орал қаласының №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі, жұқа мұздағы қауіпсіздік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері түсіндірілді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DRxNsadiIV0/

Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «Үзілісте кітап оқиық» атты танымдық шара өткізіліп, әдеби сұрақ-жауап және кітап талқылау жұмыстары жүргізілді. 7 «Ә» сыныбында Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына арналған «Ұлын ұлықтаған – Шоқан» атты танымдық іс-шара ұйымдастырылып, оқушылар ғалымның өмірі мен еңбектерімен танысты. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DR6xCh7iDsg/

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында гимназия асханасы қызметкерлерінің еңбегі насихатталып, адал еңбек пен еңбек адамының қоғамдағы рөлі кеңінен дәріптелді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DR15RjJiHCw/

Сонымен қатар «ДосBolLike» форматындағы ойындар арқылы оқушылар арасында достық қарым-қатынас пен өзара түсіністік нығайтылды. https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DR3-1gKjKZ0/

04.12.2025 күні «Эстет-сөз» дебат клубының ұйымдастыруымен 9 «Ә» және 9 «Г» сыныптары арасында WSDC форматында дебат ойыны өткізіліп, «Буллингпен күресте жазалаудан гөрі тәрбиелеу тиімді» тақырыбы талқыланды. Бұл іс-шара оқушылардың сыни ойлау және шешендік қабілеттерін дамытуға ықпал етті. https://www.instagram.com/gen_debate/reel/DR4EllWDL7e/

05.12.2025 күні 2 «Б» сыныбында «Сказочный калейдоскоп» атты ертегілер еліне саяхат ұйымдастырылып https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DR6wzQbCATB/, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттері дамытылды. Сол күні 7 «Ә» сыныбында кітапханада

Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына арналған патриоттық сағат өткізіліп, батырдың өмірі мен ерлігі насихатталды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DSLALOBConG/

«Таза Қазақстан» жобасы аясында гимназия ұжымы сенбілік ұйымдастырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DR7L27lCEum/

Сонымен қатар «Адалдықпен жарқын болашаққа» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар өз шығармашылық жұмыстары арқылы адалдық пен әділдік құндылықтарын бейнеледі. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DSAk_G9CGoc/

08.12.2025 күні «Даналық мектебі» және аналар клубының ұйымдастыруымен «Мейірімділік пен даналық мектебі» атты кездесу өтіп, әжелер оқушыларға ұлттық тәрбие мен өмірлік тәжірибелерін жеткізді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DSCmM1viAsC/

09.12.2025 күні БҚО Әділет департаменті өкілдері мен медиатор қатысуымен «Кәметке толмағандардың еңбек құқықтары» тақырыбында кездесу өткізіліп, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DSFSDmMCGjp/

10.12.2025 күні 4 «Г», 1 «Б», 10 «Б» және 6 «В» сыныптарында кибербуллинг https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DSHCDX0COx8/, заң және тәртіп https://www.instagram.com/shgen_07/p/DSH1KdtCBZx/, жауапкершілік пен әділдік тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DSH1xQLiLHc/. Оқушылар интернет қауіпсіздігі, құқықтық жауапкершілік және адамгершілік құндылықтар туралы білімдерін кеңейтті.

Гимназия кітапханасында 8 «В» сынып оқушыларымен Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына арналған патриоттық іс-шара ұйымдастырылып, Kahoot ойыны өткізілді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DSLALOBConG/

Сонымен қатар БҚО Әділет департаменті мамандары жоғары сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша кездесу өткізді <https://www.instagram.com/bko.adilet.gov.kz/reel/DSSqtqTDMeG/>.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – тұғырым» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, оқушылар патриоттық әндер мен өлеңдер орындады. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DSUSCYpCP5V/

Сонымен бірге «Ұшқыр ой алаңы» атты мектепшілік дебат турнирі үш тілде өткізіліп, үздік спикерлер анықталды. https://www.instagram.com/gen_debate/reel/DSXh-mFjPNG/

Жоспарға сәйкес 1–11 сыныптар арасында Жаңа жылдық мерекелік іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылар шығармашылық белсенділіктерін көрсетті. https://www.instagram.com/shgen_07/p/DS5n28-CBcL/

Сонымен қатар «Face to face» форматында ата-аналар жиналысы өткізіліп, мектеп пен ата-ана арасындағы кері байланыс нығайтылды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DS5oIs6COwR/

Қаңтар ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Қаңтар айының басынан бастап оқу-тәрбие процесінде күнделікті және апталық форматтағы тәрбиелік іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіліп отырды.

Осы бағытта 9 «Б» сынып оқушылары «Желаев нан» зауытына танымдық экскурсияға барып, нан өндірісінің технологиясымен, еңбек үдерісімен және өндірістік қауіпсіздік талаптарымен танысты. Экскурсия оқушылардың кәсіби бағдарын кеңейтіп, еңбекке деген қызығушылығын арттырды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTSz2CrCMf8/

12 қаңтар күні Орал қаласы Полиция басқармасының Тергеу бөлімінің тергеушісімен кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға құқық бұзушылықтың салдары, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, құқықтары мен міндеттері жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTaT8JbCBtM/

Сол күні «Салауатты ас – жарқын болашақ» апталығы аясында «Алма сыйла – денсаулық сыйла» атты танымдық тренинг https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTaaTRhiAfB/

және 7–8 сынып оқушыларына арналған «Фастфудтың және артық салмақтың зияны» тақырыбында дәрігерлер мен мамандардың қатысуымен кездесу өтті. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTak_GAiAud/

9 қаңтар күні гимназия қызметкерлеріне арналған «Қаржылық жауапкершілік» тақырыбында дәріс өткізіліп, қаржылық сауаттылықты арттыру және қаржылық шешім қабылдаудағы жауапкершілік мәселелері қарастырылды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTcdJbuiMEk/

13 қаңтар күні «Заң және тәртіп» айлығы аясында ата-аналар мен оқушыларға арналған құқықтық және қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар оқушыларға арналған «Өз құқығыңды біл» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTe9bcdCPNV/

14–15 қаңтар күндері оқушылардың құқықтық мәдениетін, адамгершілік құндылықтарын және жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған сынып сағаттары, дебаттар, интеллектуалдық ойындар және тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, «Еркіндік пен жауапкершілік: шегі қайда?», https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTjz0ooiFJe/6 «Адалдық пен әділдік» https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTh9AKGCJlk/, «Тағам әлеміне саяхат» сынды іс-шаралар ұйымдастырылды. https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DTkgyrJDK6Z/

16 қаңтар күні 1–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Заңның 30 секунды» атты онлайн-челлендж өткізіліп https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTk1usYiALe/, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейнероликтер ұсынылды. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTk1usYiALe/

Ай ішінде салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Жас аспазшылар – 2026» https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DTmIW5iDUh/, «Дұрыс тамақтану – дені сау бала» https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DTkgyrJDK6Z/, «Қаржы сақшысы», https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DT0YZ7tiA4H/, «Sport Quiz» https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DT2UY7cDGwC/

сияқты танымдық-спорттық және интеллектуалдық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық және рухани дамуына бағытталған әдеби-танымдық кештер, кітапхана сағаттары, подкаст жобалары және дебат турнирлері өткізілді. Атап айтқанда, «GEN TALKS» подкаст жобасы https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DT-2WQZCDc2/, «Ұшқыр ой алаңы» дебат турнирі https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DT9mr8XDA-a/, «Жайықтан түлеген жыр қырандары» әдеби кеші https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DUQb5ZliPuG/

және STEM бағытындағы ғылыми байқау оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытуға ықпал етті. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DUQjS4iiNPe/

Ақпан ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылыми-техникалық прогреске қызығушылығын арттыру, жаңа идеялар мен тың бастамаларға қолдау көрсету, сондай-ақ заманауи ойлау мен жаңашыл көзқарасты қалыптастыру. 2026 жылдың ақпан айында мектебімізде «Жасампаздық пен жаңашылдық айы» аясында оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге және шығармашылық бастамаларын қолдауға бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Оқу-тәрбие процесі барысында күнделікті және апталық форматта түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен азаматтық жауапкершілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

Атап айтқанда, «Заң және тәртіп» айлығы аясында оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында сынып сағаттары, кездесулер, дебаттар, танымдық ойындар мен quiz форматындағы іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралар барысында оқушылар сайлау мәдениеті, азаматтық белсенділік, құқық бұзушылықтың алдын алу, киберқауіпсіздік және қаржылық сауаттылық тақырыптарын жан-жақты талқылады. https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DUgJQPDCMgY/ https://www.instagram.com/gen_debate/reel/DUVivUqjH_N/ https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DUgRov9CIiu/

https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DUna3zoiFmV/

https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DUna3zoiFmV/

https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DUna3zoiFmV/

Сонымен қатар, құқық қорғау органдары, сот жүйесінің өкілдері, дінтанушы мамандар және сала мамандарының қатысуымен кездесулер ұйымдастырылып, оқушыларға өмірлік маңызды құқықтық ақпараттар берілді. Бұл шаралар оқушылардың заңға деген құрметін арттырып, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етті.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DUgJQPDCMgY/,

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DUnsVfzCBj2/,

https://www.instagram.com/gen_aesthetics07/reel/DUuY2hpCHC6/,

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DUuZ0sJCHfi/,

Еңбекке баулу және кәсіби бағдар беру мақсатында өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастырылып, оқушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығы арттырылды. Экологиялық бағытта «Taza Qazaqstan» акциясы аясында мектеп ауласын тазалау жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың экологиялық мәдениеті дамытылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DU4nw6KCFLM/,

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және рухани-адамгершілік тәрбие беру бағытында поэзиялық кештер, әдеби-танымдық шаралар, кітап оқуды насихаттау жұмыстары және «Кітап сыйлау күні» аясындағы акциялар ұйымдастырылды. Оқушылар қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығымен танысып, рухани дүниесін байытты.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DUnvVuyCLAB/,

https://www.instagram.com/gen_aesthetics07/reel/DUuY2hpCHC6/,

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DUuZ0sJCHfi/

Шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында дебат турнирлері, интеллектуалдық ойындар, quiz сайыстары, подкаст жобалары және көркемөнер байқаулары өткізілді. Аталған іс-шаралар оқушылардың сыни ойлау, шешендік өнер және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

https://www.instagram.com/gen_debate/reel/DUVivUqjH_N/,

https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DUbVU1-jFA6/,

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVOePLhCFcd/

Жалпы алғанда, аталған кезеңде өткізілген іс-шаралар оқушылардың құқықтық мәдениетін, патриоттық сезімін, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға, сондай-ақ шығармашылық және зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталды.

Наурыз ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы терең түсінік беру, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге баулу, патриоттық сезім мен елжандылық рухын қалыптастыру. Наурыз айы «Тәуелсіздік және отаншылдық» айлығы ретінде ұйымдастырылып, ай бойы ұлттық құндылықтарды дәріптеу, патриоттық тәрбие беру, отбасылық құндылықтарды нығайту, мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағытында мазмұнды іс-шаралар өткізілді.

Айлықтың алғашқы күндерінен бастап «Анаға құрмет – мейірімнен басталады» атты тәрбиелік бағыттағы жұмыстар жүргізіліп, оқушылар арасында қамқорлық, жанашырлық, мейірімділік қасиеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар «НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ АЙЫ» тақырыбындағы салтанатты лездемеде Наурыз айының маңызы түсіндіріліп, үздік оқушылар марапатталды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVYuvplCGh5/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVZDb3GCOzJ/

«Қоғамдағы алғыс мәдениеті» тақырыбында ұйымдастырылған «Қазақ халқына мың алғыс» шарасында түрлі этнос өкілдерінің мәдениеті таныстырылып, достық пен татулық құндылықтары насихатталды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVZD1HhiPZS/

«Жақсылық жасап жарысайық» челленджі аясында жалғызбасты анаға көмек көрсетіліп, қайырымдылық пен ізгілік құндылықтары дәріптелді. Сонымен қатар Qanat волонтерлік клубының мүшелері бастауыш сынып оқушыларына арналған «Қайырымдылық пен мейірімділік» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVdhf51iOkL/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVeFMhWiAl0/

Наурыз айында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі байқаулар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Бұрымды қыз» байқауында 9 «Г» сынып оқушысы Сериккалиева Азиза жүлделі ІІІ орын иеленді. «Көктем дауысы» вокалдық байқауы мен «Күй күмбірі» шарасы арқылы ұлттық өнер мен эстетикалық тәрбие насихатталды.

https://www.instagram.com/shgen_07/p/DVeNF9KiPnw/

https://www.instagram.com/gen_aesthetics07/reel/DVgSjSCiLiU/

https://www.instagram.com/gen_aesthetics07/reel/DVgYVqNCP3O/

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ұлттық сана мен патриотизмді қалыптастыру мақсатында «Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVfJungCKb3/

Ұлттық тұлғаларды дәріптеу бағытында 10-сынып оқушыларымен Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына арналған тағылымды кездесулер, PBL форматындағы жобалық сабақтар ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Ыбырай әлемі», «Тұлғалар құпиясы», «Бір шумақ – бір жүрек» атты әдеби-танымдық шаралар өткізілді.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVggQlNiLkS/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVy2An5iPNp/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVu4nBziA6t/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVvDd-SCPIr/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVv3r0mCilW/

Отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында «Отбасы және мектеп: серіктестік алаңы» аналар форумы, «Қазақша Quiz» интеллектуалдық ойыны, жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығайтылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVi9YYKiPXf/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVxxyoeCIII/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVyo44BiJ4C/

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай көптеген мерекелік іс-шаралар өткізілді. Оқушылар аналарына арнап өлең оқып, ән айтып, бейнероликтер түсіріп, шығармашылық қойылымдар ұйымдастырды. Арт-терапия, аналарға арналған хаттар, «Гимназия ханшайымы» байқауы секілді шаралар жоғары деңгейде өтті.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVl8MrriGfs/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVmLiIPCIUu/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVmKumuiNSt/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVm8QKUCK34/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVm8kc2CH84/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVuu6HuCMRC/

Оқушылардың қауіпсіздігі мен құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында нашақорлықтың алдын алу, киберқауіпсіздік, жол жүру ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары мен бейнеролик көрсетілімдері ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVv3GOJiPkq/

<https://www.instagram.com/policebqo/reel/DV-2V-tje3g/>

https://www.instagram.com/policebqo/reel/DV_C7lHDSVO/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWbSwvXCetr/

Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Ұлттық киім – ұлттың айнасы», «Ұлттық құндылық – ұлт тірегі», «Ұлттық тағам – денсаулық кепілі», «Домбыра үні – ұлт үні» атты іс-шаралар, көрмелер, флешмобтар ұйымдастырылды. Оқушылар ұлттық киім киіп, ұлттық тағамдар мен салт-дәстүрлерді таныстырды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVzJ0tNCOIo/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVz0rvWCF91/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVz6-DxCDiK/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DVz7KlkCEF6/

https://www.instagram.com/gen_parlament/reel/DV0dcbLDKWe/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DV0on7TCGmu/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DV_VABoiJ1u/
https://www.instagram.com/gen_aesthetics07/reel/DV8NKZDCPky/

14 наурыз – Көрісу күніне арналған іс-шаралар барысында оқушылар қазақ халқының дәстүрлерімен танысып, ұлттық құндылықтарды дәріптеді.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DV0T9JkiBVd/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DV0xrU_CA85/

Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған «Қош келдің, әз Наурыз!» – «Ауылдар шеруі» іс-шарасында сыныптар ұлттық дәстүрлерді, ұлттық тағамдарды, салт-дәстүрлерді сахналық қойылымдар арқылы таныстырды. Сонымен қатар әдістемелік бірлестіктер арасында ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін мазмұнды шаралар өткізілді.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWB_VobiI4Z/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWCBDZjiNEv/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWCCFv_iEyv/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWCEJlwCK8T/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWCI2LQCFL/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWEtXBdiMGZ/

«Бақ берекем, құт мерекем – Әз Наурыз!» атты мерекелік шара барысында бесікке салу, тұсау кесу секілді ұлттық рәсімдер көрсетіліп, ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Сонымен қатар кітапханаларда тәрбиелік және танымдық шаралар өтті.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWEt979CF8T/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWEuYV8iJEk/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DV5WDetCMIE/
https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DV74IKRiPSH/

Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Жер Сағаты – 2026» халықаралық акциясы ұйымдастырылып, білім алушылардың табиғатқа деген жауапкершілігі арттырылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWYcjIxCLnD/
Сонымен қатар кітап оқуды насихаттау мақсатында «Кітап оқы да, велосипед ұтып ал!» жобасы таныстырылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWgkursCMD0/

Сәуір ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Мақсаты: Оқушылардың еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыру, кәсіби бағыт-бағдар беру, түрлі мамандықтармен таныстыру арқылы болашақ мамандық таңдауға көмектесу және еңбекқорлықты өмірлік құндылық ретінде насихаттау. Сәуір айы «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айлығы ретінде ұйымдастырылып, ай бойы оқушылардың еңбекке баулу, кәсіби бағдарын айқындау, құқықтық сауаттылығын арттыру, кітап оқуға қызығушылығын дамыту, экологиялық мәдениетін қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру бағытында түрлі тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

Айдың алғашқы күнінде жаңа тоқсанның басталуына орай салтанатты лездеме өткізіліп, білім, өнер және спорт салаларында жетістікке жеткен оқушылар марапатталды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWjqACdCIyd/

02.04.2026 жылы эстетикалық бағыттағы гимназияда өрт қауіпсіздігі бойынша эвакуациялық оқу-жаттығу өткізілді. Оқу-жаттығу барысында оқушыларға төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, эвакуациялау жұмыстары тәжірибе жүзінде ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWozkspCDWr/

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күніне орай гимназия кітапханасында танымдық іс-шара өткізіліп, оқушылар жұмбақтар шешіп, мақал-мәтелдер айтып, әдеби кейіпкерлерді тану ойындарына қатысты. Сонымен қатар сәуір айында кітап оқуды насихаттауға арналған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда: «Кітаптар айналымы» акциясы, «Кітап тайм» сабағы, кітапханаға экскурсия, “OPEN AIR” кітап оқу акциясы, «Кітап Hunt» квест ойыны, «Кітап

әлеміндегі отбасы» отбасылық марафоны және кітап оқу челленджі өткізілді. Бұл шаралар оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWqlVFtCPu2/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DW9fAKAiEO0/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXJuseTCHJs/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXJwNS2iK3R/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXPVdvmiDXC/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXPV7kGCFkn/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXeg6uaiNFT/

https://www.instagram.com/shgen_07/p/DXlpQfPCIdu/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXorYCNCJKa/

https://www.instagram.com/shgen_07/p/DXqJjb0CMi1/

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Таза Қазақстан» акциясы аясында бірнеше сенбілік ұйымдастырылып, мектеп ауласын тазарту, көгалдандыру, алма көшеттерін отырғызу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар оқушылар арасында экологиялық жауапкершілікті арттыру мақсатында экокөзделу өткізіліп, «Қалдықсыз мектеп» және «Таза Қазақстан» жобалары таныстырылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DWslpFFCGTa/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DW_gKPhCAFn/

https://www.instagram.com/ranil_kz/reel/DXRwoYPgphX/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXlpXFeCG0Y/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DW4OrT_CAPw/

Ғарышкерлер күніне орай 5-сыныптар арасында «Ғарышқа саяхат» тақырыбында сурет байқауы және ғарыш тақырыбындағы көрме ұйымдастырылды. Оқушылардың шығармашылық жұмыстары арқылы ғарыш әлеміне деген қызығушылықтары артып, ғылым саласына құрмет сезімі қалыптасты.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DW05oiRCK9A/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXCeuUVCEXx/

«Салауатты өмір салты – табысты болашақтың негізі» тақырыбында бірыңғай денсаулық сағаты өткізіліп, оқушыларға дұрыс тамақтану, денсаулық сақтау және зиянды әдеттердің алдын алу туралы түсіндірілді. Сонымен қатар қыз балаларға арналған «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбындағы танымдық кездесу ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DW1EhXdiGZS/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DW4BpyWiIG-/

Құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Ата Занды ұлықтау» тақырыбында сынып сағаты өткізіліп, оқушылар Қазақстан Республикасының Конституциясымен танысты. Сонымен қатар «Заң және тәртіп – жарқын болашақ кепілі» тақырыбында деректі фильмдер көрсетіліп, «Заң және жасөспірім» пікірталасы ұйымдастырылды. Бұл шаралар жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DW3uLicCJry/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXPqOMLCCYP/

https://www.instagram.com/gen_debate/reel/DXpOs0sjE_g/

Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру мақсатында «Саналы таңдау – нақты бағыт, сенімді болашақ» тақырыбында кәсіби бағдар беру кездесуі өткізілді. Кездесуде мамандық таңдаудың маңыздылығы түсіндіріліп, оқушыларға болашақ мамандықтарына қатысты кеңестер берілді.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DW7-LApiGZh/

Эстетикалық бағыттағы гимназияда көркем еңбек пәні апталығының ашылуы өткізіліп, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Ғашықпын саған» атты әдеби-акустикалық кеш өткізіліп, оқушылар мен ұстаздар рухани-мәдени кеште өнерлерін ортаға салды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXFSbFPiHOn/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXQ0B1wiIRa/

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында мұғалімдерге арналған түсіндіру жиналысы өткізіліп, тәрбие жұмыстарының маңыздылығы айтылды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXGRrpPiJXK/

Әдеби-танымдық бағытта «Ақжайық – жыр мен сырдың мекені» атты әдеби сағат және балалар ақыны Ғайсағали Самиғоллаұлымен әдеби кездесу кеші ұйымдастырылды. Оқушылар ақын-жазушылар шығармашылығымен танысып, әдеби мұралар туралы білімдерін толықтырды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXJvvpYiCTk/

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXegyNQCL_H/

«Құстарға ұя жаса» акциясы аясында 9 «Ә» сынып оқушылары құстарға арналған ұя жасап, табиғатты қорғауға бағытталған игі іс атқарды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXYWuHoCOsw/

5-сынып оқушылары Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейіне экскурсия жасап, туған өлкенің тарихы мен мәдениетімен танысты. Танымдық сапар оқушылардың тарихи сана-сезімін қалыптастыруға және туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етті.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYF2EVqI8fA/

Мамыр БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Мақсаты: Оқушылар арасында достық, өзара түсіністік, ұлтаралық келісім мен бейбіт өмір сүру құндылықтарын насихаттау, көпұлтты Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағын дәріптеу

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 2 «А» сыныбында «Бірлік – ел тірегі, достық – жүрек шуағы» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар ел бірлігі, достық пен татулықтың маңызы туралы мәлімет алып, түрлі халықтардың мәдениетімен және салт-дәстүрлерімен танысты.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DXy3XCCIOml/

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай 1 «Г» сынып оқушыларының қатысуымен «Өке – асқар тау, Отан – алтын бесік» атты тәрбиелік кездесу кеші өткізілді. Кездесуге қатысқан әкелер әскери өмір мен өмірлік тәжірибелері жайлы әсерлі әңгімелер айтып, оқушылар патриоттық әндер орындап, тақпақтар оқыды.

Сондай-ақ гимназияда 5-сыныптар арасында «Жас сарбаз» патриоттық әндер фестивалі ұйымдастырылып, оқушылар өз өнерлері арқылы Отанға деген сүйіспеншіліктерін көрсетті.

9 мамыр – Жеңіс күніне орай 1 «А» сынып оқушылары Мәншүк Мәметова атындағы мұражай-үйге экскурсия жасап, батыр қыздың ерлігімен және тарихи жәдігерлермен танысты. Танымдық шара барысында оқушылар патриоттық тәрбие алды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYF2EVqI8fA/

Отбасы күні аясында гимназияда 1–11 сыныптар арасында «Отбасым – тірегім» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылып, «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты челлендж өткізілді. Оқушылар мен ата-аналар отбасы құндылықтарын насихаттап, белсенділік танытты.

https://www.instagram.com/shgen_07/p/DYPtxlxiFYh/

https://www.instagram.com/shgen_07/p/DYPvCLVonDa/

Сонымен қатар «Отбасым – берекем» көңілді старт сайысында Сагидолла отбасы жүлделі II орын иеленіп, ұйымшылдық пен татулықтың үлгісін көрсетті.

https://www.instagram.com/shgen_07/p/DYPvCLVonDa/

6 «Д» сынып оқушысы Асхат Нұриман отбасымен бірге «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджіне қатысып, отбасы құндылықтарының маңызын насихаттады.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYSa7JbIqEp/

4 «Ғ» сыныбында «Отбасы – бақыттың бастауы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылар отбасының тәрбиелік мәні жайлы пікір алмасты.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYTf949oBa1/2 «А» сыныбында «Отбасым – тірегім» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылып, оқушылар отбасы туралы әңгімелеп, мақал-мәтелдер айтып, шығармашылық тапсырмалар орындады.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYUh3oMoH9K/ 15 мамыр – Отбасы күніне орай «Ана –

тіршілік тірегі» атты құндылық сағаты ұйымдастырылып, аналар мен әжелер ұлттық қолөнер түрлерін көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYVR7wmIaMy/

Сондай-ақ әкелер арасында «Менің әкем – батырым!» атты танымдық Quiz сайысы өткізіліп, әкелер өз білімдері мен тапқырлықтарын көрсетті.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYVSm7zI1is/

13 мамыр күні 5-сынып оқушылары мен ата-аналардың қатысуымен «Эко аспа – брелок» тақырыбында шығармашылық шеберлік сағаты өткізілді. Қатысушылар экологиялық бағыттағы сәндік бұйымдар жасап, шығармашылық қабілеттерін дамытты.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYZDW0jofvO/

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай гимназияда «Махаббат ұялаған мекен» атты ашық есік күні ұйымдастырылып, ата-аналар мектеп өмірімен және оқушылар жетістіктерімен танысты.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYZ6m0AI3hb/

Халықаралық Музей күні аясында 10 «Ә» сынып оқушылары БҚО тарихи-өлкетану музейінің «Домбыра – ұлттық рух» бөліміне экскурсия жасап, қазақтың күй өнері мен ұлттық мұрасы туралы мол мағлұмат алды.

https://www.instagram.com/shgen_07/reel/DYfPveDoU6d/

Маусым ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауын, өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамыту, инновациялық идеялар мен бастамаларды қолдау арқылы олардың болашаққа сеніммен қарауына ықпал ету. 2025 жылдың маусым айында мектебімізде «Жасампаздық пен жаңашылдық айы» шеңберінде оқушылардың шығармашылығын, ойлау қабілетін дамытуға және жаңашыл көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды. **1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне** орай мектебімізде балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау, олардың шығармашылығын дамыту және мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу мақсатында мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. «Балалық – бақыт әлемі» сурет байқауы – бастауыш сынып оқушылары өз армандарын сурет арқылы бейнеледі. Ойын-сауық бағдарламасы – түрлі спорттық жарыстар, көңілді ойындар мен эстафеталар ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды. Мектеп жанындағы демалыс лагерінің ашылуы.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылында тәрбие жұмысы жоспарға сай жүргізілді. Оқушылардың тәрбиелік деңгейі жоғарылады, олардың бойында патриоттық сезім, еңбекқорлық, жауапкершілік, құқықтық сауаттылық сияқты қасиеттер қалыптасты. Сонымен қатар, тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру үшін келесі ұсыныстар берілді.

Ұсыныстар:

- Әр бағыт бойынша үйірмелер мен клубтар жұмысын жүйелі түрде жетілдіру;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстарын күшейту;
- Тәрбие сағаттарын сынып жетекшімен ата-аналардың өткізуін енгізу;
- Ата-аналармен байланыс орнатуда жаңа әдістерді қолдану;
- Жасөспірімдер арасында әлеуметтік желілердің қауіпсіздігін насихаттау.

Күшті жақтары (Strengths):

- Оқушылармен жұмыс жүргізетін тәжірибелі педагогтар мен сынып жетекшілерінің болуы.
- Ұлттық құндылықтарға негізделген клубтардың жүйелі жұмыс жасауы.
- Мектеп пен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс.
- Жыл сайынғы тәрбие жоспарының құрылуы және жүйелі орындалуы.
- Әлеуметтік желі мен мектеп сайтында тәрбиелік іс-шаралардың насихатталуы.

Әлсіз жақтары (Weaknesses):

- Кейбір іс-шаралардың формальды түрде өткізілуі (оқушылардың шынайы қызығушылығының төмендігі).
- Клуб жұмыстарына оқушылардың толық қамтылмауы.
- Шығармашылық бағыттағы іс-шаралардың аздығы (театр, еріктілік).
- Жоспарланған тәрбие іс-шараларына уақыт тапшылығы мен ресурстың шектеулігі.

Мүмкіндіктер (Opportunities): - Қоғам белсенділері, тұлғалар мен ата-аналар қауымын тарта отырып, жаңа жобалар енгізу. - Цифрлық құралдарды қолдану арқылы тәрбие жұмыстарын жаңғырту (бейне роликтер, онлайн байқаулар, тікелей эфирлер). - Басқа мектептермен тәжірибе алмасу, бірлескен жобалар жасау. - Оқушылардың шығармашылығын арттыру мақсатында үйірмелер мен жаңа клубтар ашу.	Қауіп-қатерлер (Threats): - Оқушылардың смартфон, әлеуметтік желіге тәуелділігі және қызығушылықтарының төмендеуі. - Материалдық базаның әлсіздігі (безендіру, құрал-жабдықтың жетіспеушілігі). - Уақыт өте келе клуб жұмыстарының формалданып кету қаупі.
---	---

Гимназиядағы 1878 оқушының ішінде 10 (0,53%) оқушыда мектеп формасын сақтамау, яғни 47 бапты бұзу бойынша бірнеше фактілері анықталып, акт толтырылған. Дегенмен, өзін – өзі басқару ұйымының белсенділері тарапынан бірнеше рет ескерту беріліп, тәрбие ісінің орынбасарларына баяннат енгізілуіне қарамастан, 4 тоқсан бойынша да қайталанулар болып отыр. Сонымен бірге оқу жылының ішінде ішкі тәртіп ережесін сақтамағаны үшін пән мұғалімдері тапарынан 5 «а», 5 «д», 6 «е», 7 «б», 7 «д», 9 «а», 9 «ә», сыныптарна баяннат түсіп отырды. Оның ішінде дене шынықтыру сабағынан қашып кету, спорттық киімді әкелмеу, сабақтың үстінде тәртіпті сақтамау сияқты мәселелер көтеріліп отыр.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының оқу- ағарту министрлігінің 2023 жылдың 28.12 №398 «Білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізуді жөнәндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР Оқу- ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы №61 бұйрығына өзгеріс енгізу бұйрығына сәйкес мектептің ішкі тәртіп есебіне 5 оқушы алынды.

Мектептің ішкі тәртібін бұзғандары үшін:

